



Ақмешіт

18 қаңтар
сенбі

№4 (2117)

2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Сыр өңірінде төртінші жайлы мектеп ашылды.

Қызылорда қаласындағы 600 орындық мектептің ашылу рәсіміне облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, қала тұрғындарын еңселі де сәулетті мектептің ашылуымен құттықтады.

– Президентіміз «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды» деген болатын. Жаңа мектептердің ашылуы – бұл жай ғана ғимараттардың салынуы емес, жаңа дәуірде білім алатын оқушыларға жаңа мүмкіндіктер сыйлау. Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 6 900 орынға арналған 10 мектеп салу жоспарланып, оның алғашқы 900 оқушыға арналған мектебін өткен жылдың қазан айында сол жағалаудан табысты ашты. Осы айдың басында Жанакорған ауданының Жаңарық ауылында және Арал қаласында 300 орындық 2 жайлы мектеп ашылды. Бұл арқылы Жаңарық ауылындағы бейімделген ғимаратта орналасқан, Арал қаласындағы үш ауысымды оқуға көшіуі мүмкін мектептердегі орын тапшылығы мәселесі шешімін тапты.

Бүгін, міне, «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының үйлестіруімен жүзеге асқан, құны 4 млрд 732 млн теңге болатын 600 орындық жайлы мектепті шәкірттер мен ұстаздар игілігіне береміз. Жаңа нысанды салу арқылы бейімделген ғимаратта орналасқан Әбу Құдабаев атындағы №197 орта мектептің мәселесін шештік. Құрылыс басталғалы бері балаларымызға қала ішіндегі басқа мектепте оқуына тура келді. Ұрпақ игілігіне бағытталған ортақ істе түсінікті танытқан барша ата-аналарға алғысымызды білдіреміз.

Жасампаз істердің жарышысы болатын жеткіншектеріміз енді қолайлы әрі қауіпсіз, заманауи жабықталған, кең де жайлы мектепте білім алатын болады. Бүгін табысталған жаңа білім ғимаратынан алдыңғы буынның ізгі жолын жалғастырып, талантты шәкірттер шығатынына сенімдіміз мол. Санасы сергек, ойы ұшқыр, бәсекеге қабілетті оқушыларымыз көп болғай, – деді аймақ басшысы.

Айтулы шарада аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен құрылыс мекемесінің мамандары марапатталды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған мектеп инновациялық жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Мектептің бастауыш, орта және жоғары буында оқуға арналған блоктары бар. Кең спорт залы толығымен спорттық жабдықтармен қамтылған. Сондай-ақ оқу зертханаларымен физика, химия, биология кабинеттері, робототехника және компьютерлік сыныптар, STEM зертханалары заманауи жабдықталған.

Оқушыларды жан-жақты дамытуға және педагогтардың белсенді жұмысына арналған акт залы, оқу залы бар кітапхана, ыңғайлы коворкинг орталықтары жұмыс істейді. Мұның бәрі жас ұрпақтың білім сапасын арттыруға, қабілеті мен талантын ашуға, өскелең ұрпақтың ғылыми және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған.

Айттолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ЖИ - ЖАҢАЛЫҚ ПЕН ЖИ - ЖЫЛДАМДЫҚ

Жаңа технологиялар қарқынды дамыған ғасырда жаңалыққа ілесу маңызды. Қарапайым тілмен айтқанда, қазір кенсе жағалап, қағаз құжат арқалағандар жоқтың қасы. Алақандағы смартфон арқылы талай шаруаның түйіні шешіліп жатыр. Алайда цифрландыру заманында үйренгенімізден үйренеріміз көп. Жаңа технологияны меңгеру арқылы жасанды интеллектіні жұмсап, елдің жайын біліп отыруға да болады.



қызметтерді цифрландыру ісінің артықшылықтарын жақсы біледі. Электронды үкімет сайтындағы қолжетімді қызметтердің тізімі үнемі толықтырылып келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының рейтингінде Қазақстан E-government-ті дамыту көрсеткіші бойынша әлемде 24-ші орын иеленді. Бұл – тәуір нәтиже, бірақ оған төкпейсің, арқаны кенге салуға болмайды. Көрсеткіштерді барынша жақсарту керек. Мен мұны Үкіметке жиі айтып отырамын. Бұдан бөлек, еліміздегі банктер де адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігін едәуір жеңілдету тәуелі үшін өздерінің цифрлық экожүйесін қалыптастырып жатыр.

Қазақстанның экспортталатын IT-қызметтер саны артып келе жатқаны көңіл қуантады. Astana Hub табысты жұмыс істеп тұр. Бұл технопарк бір жарым мыңнан астам компанияның басын біріктіреді. Оның үштен біріне жуығы – шетелдік компания. Осылайша, еліміз жаһандық цифрлы көшпенділер үшін қолайлы мемлекетке айналып келеді, – деді ел Президенті.

РОБОТТАР АДАМДЫ АЛМАСТЫРА МА?

Бұл қоғамда жиі талқыланатын тақырыптың бірі. Роботтар адамды жұмыссыз қалдырмай ма немесе қаншалықты қауіпсіз деген секілді сұрақ та жоқ емес. Сала мамандарының, ғалымдардың айтуынша, жаңа технология адамды жұмыссыз қалдырмайды, керісінше жұмыс тауып береді. Алайда ізденіс, білім, жаңалықтан қалмау – уақыт талабы. Біз жиі талқылап жүрген жасанды интеллект тауу жылдары өмірімізді өзгертетінін мемлекет басшысы да атап айтты.

– Тауу жылдарда жасанды интеллект өте қарқынды дамып, жұрттың өмір туралы ұғымын, тіпті тұрмыс-тіршілігін де түбегейлі өзгертетінін ескерген жөн. Мына машиналар, яғни интеллектісі жағынан адамды оң орайтын роботтар пайда болатын күн алыс емес. Оның үстіне бұл роботтар эмпатияға, яғни сезіну және эмоция білдіру сияқты адамға тән қасиеттерге ие болады, – деді ол.

2-БЕТТЕ

СҰХБАТ

Раушан Ысқақова, №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының басшысы, қалалық мәслихат депутаты:

АДАМНЫҢ АДАМҒА ТӘУЕЛДІ БОЛҒАНЫ ҚИЫН



Өткен жыл қала халқы үшін табысты жыл деуге болады. Ел игілігі үшін атқарылған толымды тірлікке жұртшылық куә. Аймақ әлеуметтік-экономикалық дамуда жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Жүйелі жүргізілген жұмыс оң нәтижесін берді. Жаңа жыл алға мақсат қойып, айқын міндеттерді жүзеге асыратын кезең. Осы орайда қалалық мәслихат депутаты, №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының басшысы Раушан Ысқақовамен өткен жылды саралап, алдағы уақыт енісіндегі жоспарлар туралы сұхбаттасқан едік.

– Раушан Жәдігерқызы, өткен жылды қалай аяқтадыңыз?

– Өткен ұлу жылын жақсы қорытындылауға деуге болады. Көптен ойда жүрген орталыққа қажетті құрал-жабдықтар алдық. Оның ішінде төсек-орын жабдықтарын қайта өңдеуден өткізуге арналған ДИС-камера, жұмыртқа өңдейтін аппарат, 4 мұздатқыш алынды. Үнемделген қаржы есебінен пандус қалпалды. Сонымен қатар бытыр 32 миллион қаржыға орталыққа желдеткіш орнатылды.

2-БЕТТЕ

Жалпы цифрландыру ісінде елдің жеткен жетістіктері аз емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында жаңа технологияны кеңінен қолдану орасан зор мүмкіндіктерге жол ашатынын атап айтты. – Азаматтарымыз мемлекет тарапынан көрсетілетін



ЖАРЫҚ НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?

– Жарыққа осы айда қанша төледің?

Бүгінде жұртшылық аман-саулықтан бұрын, жарықтың ай сайынғы төлемін сұрасып жүр. Иә, жылдағыдай азық-түлік бағасы шарықтап кетті. Онымен қоса, коммуналдық төлемдердің бағасына да тоқтау сала алмай отырмыз. Тамыз айында коммуналдық төлемдердің тарифтері біршама көтерілгенін жазған едік. Дегенмен, желтоқсан, қаңтар айларында тұрғындар жарыққа төлейтін ақшасы шектен тыс көбейіп кеткенін айтып, шағымданып жүр. Электр энергиясы тағы қымбаттады ма? Осы мәселені жан-жақты зерттеп көрдік.

Сан-сауалдың жауабын білу мақсатында «Энерговерсис» ЕЖШС мекемесіне бардық.

Алайда бұл мекеме желтоқсан айынан бастап қызметін тоқтатыпты. Мекеме қызметкерлері басшы іссапарда жүргенін айтты.

Айтпақшы, 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап облысты электрмен жабдықтау қызметтері толығымен электр энергиясын тасымалдау мен жеткізуге жауапты «ҚРЭК» АҚ-ға берілгенін білдік.

Халық сауатты болуы қажет

Желтоқсан айында электр энергиясы қымбаттады ма? Халық не себепті «тарифке артық баға қосылды» деп жүр? Осы сұрақтың жауабын білу мақсатында Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне хабарластық.

Мекеме басшысы Айбек Егембергеновтің сөзінше, жарық бағасы тамыз айынан бері өзгермеген. Бірақ қыс айларында төлемнің көбею себепін анықтау үшін дер кезінде тиісті мекемеге барып, білген жөн. Сонымен қатар қарапайым халық бұл тұрғыда сауатты болуы қажет.

– 2024 жылдың тамыз айынан бастап электр энергиясының бағасы өсті. Алайда желтоқсан, қаңтар айында өзгеріс болмады. Тұтынушылар тек нақты тұтынып электр энергиясын үшін төлеуге міндетті. Сондықтан халық заңды тұрғыдан сауатты болуы керек. Қандай тарифтер бойынша төлем жасап отырғанын білуі тиіс. Сондай-ақ тұрғындар ай сайынғы есепшотты төлемес бұрын барлығын мұқият тексеріп алу керек. Яғни есептегіш көрсеткіштері мен түбіртектер салыстыру қажет. Бұл өте маңызды, себебі төлем жасағаннан кейін сіздің артық төлегеніңізді дәлелдеу үшін көп уақыт кетеді, – дейді ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің облыстық департамент басшысы Айбек Егембергенов.

4-БЕТТЕ

